

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Обаған ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 24 ақпандасы № 122 шешімі. Жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 24 тамыздағы № 36 шешімімен

Ескерту. Жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 24.08.2023 № 36 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің ұлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Ұзынкөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырган Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Обаған ауылдық округі бөлек жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Обаған ауылдық округі жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұзынкөл аудандық мәслихатының хатшысы

A. Бараншина

КЕЛІСІЛДІ

Обаған ауылдық
округінің әкімі

_____ М. Нұржанов
2022 жылғы "24" ақпан

Мәслихаттың
2022 жылғы "24" ақпандасы
№ 122 шешіміне
1-қосымша

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Обаған ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Обаған ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес өзірленді және Обаған ауылдық округінің ауылдар тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны–ауылдық округтің тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынтына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынтын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участкерлерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынтына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынтын Обаған ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Обаған ауылдық округінің әкімімен жергілікті қоғамдастықтың жекелеген жиындарын шақыру уақыты, орны және Обаған ауылдық округінің әкімі талқылайтын мәселелер туралы ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарланады, Заңының 39-3-бабының 3-тармағының 4-3) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, бұқаралық ақпарат құралдарын оның ішінде интернет-ресурстарды үздіксіз көпшілікке тарату және оған сәйкес жергілікті қоғамдастық жиналышының мүшелері хабардар етілетін жағдайды қоспағанда, жергілікті қоғамдастық жиналышын шақыру уақыты мен орнын оны өткізу күніне дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей хабарланады.

Жиналыштың қарауына енгізілген мәселелер бойынша әкім аппараты жиналышты шақыруға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей отырыс

мүшелеріне және әкімге жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында қажетті материалдарды береді.

7. Бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Обаған ауылдық округінің әкімі үйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде, тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Обаған ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Обаған ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудандық мәслихат бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыннанда хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Обаған ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

Мәслихаттың
2022 жылғы "24" ақпандағы
№ 122 шешіміне
2-қосымша

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Обаған ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Обаған ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Обаған ауылдық округінің Тайсойған ауылының тұрғындары үшін	3
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Обаған ауылдық округінің Обаған ауылының тұрғындары үшін	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК